

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№108 (9426) | 1954 жылғы 30 май Жексенбі | Шығуына 35 жыл жеке саны 20 тыйын.

РСФСР Жоғарғы Советіне РСФСР Министрлер Советіне

Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советінің Президиумы, Министрлер Советі және Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті республиканың еңбекшілері атынан Россия Федерациясының жұмысшылары, колхозшылары және интеллигенциясыан ұлттық зор мейраммен — Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығымен қызу құттықтап, сәлем жолдайды және ұлы Отанымыздың даңқы үшін, Совет Одағы халықтарының мызғымас достығының игілігі үшін, коммунизмнің салтанат құруы үшін олардың жаңа, зор табыстарға жетуін шын жүректен тілейді.

Еліміздің барлық халықтарымен бірге Қазақстанның еңбекшілері бұл тарихи күнді салтанатпен және қуанышпен қарсы алуда.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының орыс және украин халықтарының саяси, экономика, мәдениет жағынан онан әрі өркендеуі үшін ғана орасан зор прогрестік маңызы болып қойған жоқ, ол сонымен бірге, біздің ұлы Отанымыздың барлық халықтарын біртұтас көп ұлтты туысқандық семьяға онан әрі біріктірудің бастамасы және дем беруші өнегесі болды.

Осы даңқты күнде қазақ халқы Совет Одағының барлық халықтары арасындағы аса көрнекті және басшы күш болып табылатын ұлы орыс халқына өзінің жалынды сүйіспеншілігі мен алғыс сезімін білдіреді. Өз тарихының бүкіл ауыр кезеңдерінде еліміздің халықтары ұлы орыс халқына назарын аударып, одан әрқашан да қалтқысыз туысқандық көмек алып келді.

Орыс халқы дүниеге революцияшыл ойдың алыбы, Коммунистік партия мен Совет Әлекетін ұйымдастырушы, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің данышпан көсемі және ұстазы ұлы Ленинді берді. Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісінде, дүние жүзіндегі туңғыш көп ұлтты Совет мемлекетін құрып, өркендетуде, социалистік қоғам орнатуда, Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтауда, еркін және теңправолы халықтардың мызғымас одағын біртұтас туысқан семьяға топтастыру ісінде ұлы орыс халқы шешуші роль атқарды.

Коммунистік партия лениндік- сталиндік ұлт саясатын ойдағыдай жүзеге асыру нәтижесінде шыңдап, нығайтқан орыс, қазақ халықтарының және Отанымыздың барлық басқа халықтарының ұлы достығы қуатты, мызғымас күшке, советтік қоғамды дамытудың қозғаушы күштерінің біріне айналды.

Ауыл индустрия орнату ісінде, ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруда, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетті өркендетуде ұлы орыс халқының және еліміздің барлық басқа халықтарының өзіне туысқандық көмек көрсетіп, қолдан келгенін, жақсылықтың қадірін білетін қазақ халқы ешуақытта да ұмытпайды. Осы көмектің арқасында Қазақстан, патшалық Россияның бұрынғы кезде артта қалған басқа аймақтары сыяқты, тарихи қысқа мерзім ішінде гүлденіп- көркейген социалистік республикаға айналды. Ал, кәзіргі уақытта біздің елімізде азық- түліктің, жеңіл және тамақ өнеркәсібіне керекті шикізаттың молшылығын жасау үшін, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету үшін бүкілхалықтық күрес өрістеген кезде, Қазақстан еңбекшілерінің алдына аса зор міндет — 6 миллион 400 мың гектар тың және тыңайған жерлерді игеру міндеті қойылып отырған кезде, орыс халқы, Қазақстанға бірінші болып көмекке келді. Ол біздің республикаға орасан көп тамаша техника жөнелтіп, өзінің мыңдаған таңдаулы ұлдары мен қыздарын жіберді, бұлар кәзірдің өзінде Қазақстанның еңбекшілерімен бірге осы құрметті міндетті орындау үшін жанаймай жұмыс істеуде.

СОВЕТ ОДАҒЫНДА



Горький. Мұнда арнап салынған үйде жаңа универмаг ашылды. Ол қаладағы ең үлкен сауда орны. Магастың 200-ге жуық сатушы жұмыс істейтін 30 секция бар.
Суретте: жаңа универмаг.
Суретті түсірген П. Вознесенский.
(СОТА-ның фотохроникасы).

Жаңа темір жол вокзалдары

Еліміздің темір жолдарында вокзалдар құрылыстары жүріп жатыр. Үстіміздегі жылы жаңадан 140 вокзал салынбақшы. Кәзіргі уақытта Знаменка, Тоннельная, Мурманск және басқа станцияларда 11 жолаушылар үйі пайдалануға берілген.
Мурманскте салынған жаңа вокзал көлемі жағынан бұрынғы вокзалдан әлде қайда үлкен. Мұнда жолаушылар отыратын үлкен 4 зал, ресторан, почта және телеграф бөлімшесі, баласы бар жолаушыларға арналған бөлмелер бар. Үйдің ішкі қабырғалары жасанды және табиғи мрамормен қапталған.
Быйылғы жылы Запорожьеде, Воронежде, Николаевте, Қарағандыда, Славянскіде, Сухиничте жаңа жолаушылар вокзалдары іске қосылады.
Жол қатынасы министрлігі Омекіде және Кировте вокзалдарды қайтадан салудың жобасын жасаған.
Сонымен бірге елімізде жаңадан 700-

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы құрметіне болған қабылдау

КНЕВ, 25 май. (СОТА). Кеше Украин ССР-нің Үкметі бүкілхалықтық мереке — Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы құрметіне ұйымдастырған қабылдау болды. Қабылдауда Украина Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Президиумының мүшелері және мүшелігіне кандидаттар, Украин ССР Үкметінің мүшелері, одақтас республикалардың: РСФСР-дың, Белоруссия ССР-нің, Өзбек ССР-нің, Қазақ ССР-нің, Грузия ССР-нің, Азербайжан ССР-нің, Литван ССР-нің, Молдаван ССР-нің, Латывия ССР-нің, Қырғыз ССР-нің, Тәжік ССР-нің, Армян ССР-нің, Түркмен ССР-нің, Эстон ССР-нің, Барсел- Фин ССР-нің делегациялары болды.

Қонақтардың ішінде мұнымен қатар Поляк Халық Республикасы Сейімінің делегациясы және Канаданың біріккен украиндар Серіктігінің делегациясы болды.

Қабылдауда болғандардың ішінде ССРО Жоғарғы Советі мен Украин ССР Жоғарғы Советінің депутаттары, Совет Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, Украин ССР-нің Министрлері, Украина Коммунистік партиясының облыстық комитеттерінің секретарьлары, еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқару комитеттерінің председателдері, кәсіпорындардың директорлары, партия ұйымдарының секретарьлары, ғылым, әдебиет және искусство қайраткерлері, Украина астанасының өнеркәсіп орындарының белгілі адамдары, ауыл шаруашылығының озаттары бар.

Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы құрметіне болған қабылдау айырықша жылы жүзділік, шын жүректен ерекше ықлас білдіру жағдайында өтіп, Украина халқының ұлы орыс халқына және Совет Одағының барлық туысқан халықтарына деген асқан зор сүйіспеншілігінің айқын белгісі болды.

Қабылдауда болғандарға арналып үлкен концерт берілді, оған искусствонның украиндық шеберлері және туысқан республикалардың артистері қатысты.

Якутиядағы көктем

ЯКУТСК. 28 май. (СОТА). Бүгін



Молотов, Камск су торабының кеме жүретін шлюзді пайдаланылуға берілді.
СУРЕТТЕ: «Буран» тіркеу пароходы мен (алдыңғы жақтағы) «Иван Папанин» жолаушылар тасыйтын пароходы шлюзде жүр.

Суретті түсірген Б. Визуля.
(СОТА-ның фотохроникасы).

Кеншілер балаларының жазғы демалысы

Көмір өнеркәсібі жұмысшылары кәсіп одағының Орталық Комитеті пионер лагерлері мен балалардың жазғы бақшалары үшін 30 миллион сомға жуық қаржы босатқан.

Донбаста, Кузбаста, Қарағандыда және Орта Азияда үстіміздегі жылы пионер лагерлері мен дачаларда өткен жаздағыдан 5 мың бала артық, яғни 150 мыңға жуық ер балалар мен қыздар демалады. Кеншілердің 80 мыңнан аса балалары қала сыртындағы балалар бақшалары мен яслилерде дем алады.

Көмір өнеркәсібі жұмысшылары кәсіп одақтарының Мәдениет сарайлары мен клубтары 1250-ден аса балалар көркем-өнерпаздар үйірмелерін ұйымдастырды. Олар пионер лагерлерінде концерттер береді және спектакльдер қояды. Бұл үйірмелерге кәзірдің өзінде 29 мыңнан аса адам қатысып жүр.

(СОТА).

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ОЧЕРК. Сафуан Шаймерденов — Алтын селеу (3-бет).
ФЕЛЬЕТОН. Т. Есілов — Сыбайластар сыры (3-бет).
Б. Садуаев — Еңбек өнімділігін арттыра береміз (3-бет).
Н. Әміржанов — Еңбекшілер үшін қамқорлық (3-бет).
МАТИАС РАКОШИДІҢ ВЕНГЕР ЕҢБЕКШІЛЕР ПАРТИЯСЫНЫҢ ІІІ СЪЕЗІНДЕ ЖАСАҒАН БАЯНДАМАСЫ (4-бет).
ССРО-ның Англиядағы елшісінің мәлімдемесі (4-бет).
БҮКІЛ ДҮНИЕЖҮЗЛІК БЕЙБІТШІЛІК СОВЕТІНІҢ ТӨТЕНШЕ СЕССИЯСЫ (4-бет).

Отамалы дақылдардан мол өнім алайық!

Картоп пен овощтан мол өнім алу үшін

Мамлют совхозының огородшылары үстіміздегі көктемде 50 гектар картоп, 11 гектар овощ дақылдарын егеді. Бұл — картоп пен овощ дақылдары өгісінің көлемі бйыл өткен жылғыдан едәуір ұлғайтылады деген сөз.

Кәзір огородшылар картопты шаршыұялап отырғызуды «СКГ—4» машинасының күшімен қызу жүргізуде. Бұл машина совхозда бйыл бірінші жыл пайдаланылып отыр. Осыған қарамастан механик И. Фитерер жолдас басқаратын агрегат мүшелері оның күшін жұмысқа өнімді пайдаланып келеді.

Агрегат жұмысқа шығар алдында картоп отырғызылатын учасек өн бойымен және көлденеңінен маркерленді. Агрегат мүшелері шаршы-ұялардың ұзын бойында, көлденеңнен де түзу орналасуын қата ғалап отырады. Өлшеуші сымды бір жерден екінші жерге ауыстыратыны Н. Хрульков, К. Шегенов, В. Скородумов, тіркеуші-тұқым салушы М. Лецинская, М. Панкова жолдастар өз міндеттерін өте ұқыпты және тез атқарады. Б. Әлжанов, В. Макаров жолдастар картоп тұқымын өгіс басына мезгілімен жеткізіп отырады.

Агрегаттағылардың осындай ұйымшылдықпен еңбек етуі бригадала сменалық тапсырмалардың үнемі асыра орындалуын қамтамасыз етіп келеді. Алғашқы үш күн ішінде норма бойынша 18 гектардың орнына, 20 гектар картоп шаршы-ұялы әдіспен отырғызылды. Қатарлардың және қатардағы ұялардың түзулігінде, тұқымды тиісті тереңдікке сіңіруде агротехникалық ережелер дұрыс сақталуда.

Огород бригадасының мүшелері бйыл овощ дақылдарының жақсы көшеттерін өсірді. Сонымен бірге, олар 9000 шымтезек-шірінді құмыралар әзірледі. Кәзір бригада мүшелері Гринь, Капустина жолдастар помидордың көшеттерін шымтезек-шірінді құмыраларға орналастырып, өгістік алаңға отырғызуға әзірлеуде.

Совхоз партия ұйымы огород бригадасы мүшелерінің арасындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, оларды еңбек өнімділігін арттыруға жігерлендіріп отыр. Үгітшілер картоп пен овощ дақылдарын өгу жөніндегі ғылым мен озат тәжірибелердің табыстарын үнемі насихаттайды. Мұндағы мақсат бұл дақылдарды өгуге жаңа, прогрестік әдістерді кеңінен қолданып, картоп пен овощтан өткен

Сүйікті Отанымыздың қазақтың ерте кештерінде туған және адамзаттың әулетті болашағы — коммунизм жолындағы олардың бірлескен күресінде барлық сындарға төтеп берген, күн сайын нығайып отырған мызғымас достығы барлық Советтік республикалардың оған әрі көркейе беруінің басты шарты болып келді және бола береді.

Советтік Қазақстанның еңбекшілері өзінің туысқан ағасы — ұлы орыс халқының елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте даңқты жаңа табыстарға жете беруін шын жүрегінен тілейді.

Біздің ұлы Отанымыздың күші мен қуатының жайнап бұлағы — ССРО халықтарының мызғымас достығы жасап, нығайт берсін!

Біздің туысқан Совет Үкіметі жасасын!

Совет Одағының ұлы Коммунистік партиясының даңқы арта берсін!

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы

Қазақ ССР Министрлер Советі

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумында

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы ССРО Министрлер Советінің ұсынуы бойынша жалпыодақтық мұнай өнеркәсіп министрінің ССРО-ның Одақтық республикалық мұнай өнеркәсіп министрілігі етімі қайта құрған және Азербайжан ССР-

інде Одақтық-республикалық мұнай өнеркәсіп министрілігін құруды қажет деп тапқан. Оған ССРО Министрлер Советі бекіткен тізім бойынша кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер беріледі.

(СОТА).

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумында

РО Жоғарғы Советінің Президиумы баяндамас кызметкерлерінің үлкен бір тобын жеті жыл бойы және мінсіз жұмыс істегені үшін ССРО-ның ордендерімен жа-

не медальдарымен наградтады. 4180 адам Ленин орденімен, қалғандары ССРО-ның басқа ордендерімен және медальдары мен наградтады.

Озат тәжірибе станциясы

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Қарағандының ауылшаруашылық тәжірибе станциясы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат болып ұсынылды. Кеше селекционерлер Москваға өздерінің экспонаттарын жөнелтті. Олардың ішінде Орталық Қазақстанның қатал табиғат жағдайларына бейімделген мол өнім беретін картофель сорттары бар. «792» картофель сорты ең құрғақшылық жылда да өнім береді, өсімдік дерттеріне шыдамды, дәм сапасы да өте жақсы. Тельман ауданы, «Победа» колхозы өткен жылдың күзінде осы сорттың тұқымынан басқа сорттарға қарағанда 3 есе артық өнім алды. Бұл картофель Ақмола, Батыс

Қазақстан, Қостанай, Талды-Қорған облыстарына да таралды. «Қарағанды» картофелі басқа картофельдерден екі-үш аш-та бұрын піседі. Ол әрбір гектарынан 28 тоннаға дейін өнім береді.

Станцияның селекционерлері жасаған помидордың «142. алқаптық» тез пісетін жаңа сорты өткен жылдың күзінде Тельман, Осакаров аудандарының колхоздарында гектарынан 60—65 тонна жеміс өнімін берді.

Көрмеде Қарағандының селекциязық тәжірибе станциясының коллективі өсірген ауылшаруашылық дақылдарының 45 жаңа сорты көрсетілетін болады.

Ауыл шаруашылығы үшін — ең жаңа техника

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Облыс МТС-тері ең жаңа машиналармен толықтырылуда. Пішін жыйнайтын техника, ояуыш пен картопты, қант қызылшасы егісін өңдейтін құралдар келуде. Мукрин МТС-і өнімділігі күніне 4 гектардан қызылша жыйнайтын қызылша комбайның алды. Қант қызылшасын жыйнай бастағанда

дейін МТС-ке тағы да осындай бірнеше машиналар келеді. Қызылша өсіруші Селмичерче МТС-і быйыл ондаған қызылша комбайның алады.

МТС-ке бір мерзімде отамалы дақылдарды баптау жұмыстарын жүргізуге арналған «БДН—35» тракторлары да келіп түсуде.

ге жуық вокзалдар салынған.

(СОТА).

Еліміздің егін даласында

ЧКАЛОВ. Облыстың колхозшылары быйғылық көктемде жоспар бойынша бекітілген 70 мың гектардың орнына 150 мың гектар тың және тыңайған жерлерді игеруге міндеттенген болатын. Олар өз сөздерін ағроймен орындап шықты. Механизаторлар колхоздарда 15 мың гектар жана жерлерді жыртып, оларға қатты бидай және тары себілген. Барлық жерде бірдей дән жаппай көктеді және өсіп келеді.

Еңбекшілер депутаттары Москва Советінің Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған салтанатты мәжілісі

25 майда Одақтар Үйінің Колонналы залында еңбекшілер депутаттарының Москва Советінің қоғамдық ұйымдар мен әскери бөлімдерінің өкілдерімен басқосқан, Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған салтанатты мәжілісі болды.

ССРО Мемлекеттік Гербісі мен «300» цифры ұшқын атқандай жарқырап көрінеді. Сахна үстіне Россия Федерациясының және Украин ССР-нің жалаулары ілінген. Қабырғаларға Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмнің жеңісіне қарай алға басып келе жатқан басқа да одақтас республикалардың жалаулары орналастырылған.

Салтанатты мәжілісті Совет Одағының Коммунистік партиясының Москва комитетінің секретары депутат И. В. Капитонов ашты. Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы туралы баяндама жасау үшін сөз Москва Советі атқару комитетінің председателі М. А. Яснов жолдасқа берілді.

Баяндаманы Коммунистік партия белгілеп берген коммунизм орнату программасын жүзеге асыру күресінде Москва мен Москва облысының еңбекшілері және Советтік Украинаның қалалары мен селаларының еңбекшілері арасында туысқандық өзара көмек пен творчестволық ынтымақтың ұлғайып, нығайып келе жатқандығы туралы айтты. Социалистік өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, ғылым мен мәдениет кызметкерлерінің арасында озат тәжірибені өзара жан-жақты ауысу осы байланыстардың нақтылы айтағы болып табылады.

Москваның жүздеген кәсіпорындары Украин ССР кәсіпорындарының коллективтерімен жарысқа түскен. «Красный пролетарий», «Серп и молот» заводтарының, Каганович атындағы бірінші мемлекеттік подшипник заводтарының коллективтері, Москва — Курск, — Донбасс темір жолының Москва бөлімшесінің және басқаларының кызметкерлері Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы күрметіне социалистік міндеттемелер алды.

Көлменге Якутияға да жетті. Көптеген өзендердің мұзы қозғалған. Колхоздар мен МТС-тер көптегі дала жұмыстарына кірісті. Балалар мен балалар мекемелерінің өздерінің жұмысы жеткілікті. Жазғы маусым басталып келеді. Республиканың мектеп оқушылары үшін 95 пионер лагері ашылды. Мындаған балалар туристік жорықтарға қатысады, сауықтыру алаңдарында болады. Якутияның ең жас тұрғындары жазғы дачаларда дем алады.

Натуралистердің жоспарлары өте қызық. Олар туған өлкенің табиғаты мен байлықтарын зерттейді. Өздерінің оқу-тәжірибе участоктерін байытады.

Беломор-Балтық каналында

НОВИНЕЦ (Барел-Фин ССР), 28 май. (СОТА). Кеше Сталин атындағы Беломор-Балтық каналында кеме жүрісі басталды. Оны «Мария Мелентьева» және «Анна Лисицина» буксирлік қуатты кемелері ашты. Олар еу жолының өң бойынан өтіп, жүк тиеу үшін Беломор пристанына барады.

Быйыл кеме жүру маусымында Беломор-Балтық каналы бойынша халық шаруашылығындық жүктер, өткен жылдан 10 процент артық тасылды.

Трибунаға Өрджоникизге атындағы заводтың тоқары, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Киселев шықты. Ол завод коллективінің даңқты күнді — Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын төрт айлық өндіріс жоспарды асыра орындаумен қарсы алғандығын айтты. Кәсіпорының жұмысшылары, инженер-техник кызметкерлері Одессаның станок жасау зауытының коллективімен жарысып, 1954 жылдың мемлекеттік жоспарын 25 ноябрьге дейін орындауға міндеттеме алды.

Москва иргесінің колхозшылары Украина колхозшылары қолданатын ауыл шаруашылығының озат тәжірибесін өздерінің украиндық бауырластарынан деген зор еу-іспеншілікпен қабылдайды. Украин колхозшылары москвалықтардың тәжірибесін үйренуде.

Біздің ұлы Отанымыздың барлық халықтары, деді М. А. Яснов жолдас, туысқан украин халқының Советтік Социалистік Украинаны оған әрі күшті өркендету және көркейту күресіндегі тамаша табыстарын орасан зор қалағат сезімімен атайды.

Жыйналғандар баяндамашының украин, орыс және біздің еліміздің барлық халықтарының күрметіне, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің қуатты қамалы ұлы Отанымыз — Советтік Социалистік Республикалар Одағының күрметіне айтқан құттықтау сөздерін ду қолшалақтап қарсы алды.

ССРО Ғылым Академиясының президенті А. Н. Несмеяновқа сөз берілді. Ол Советтік Украинада ғылым мен мәдениеттің гүлденіп, көркейгендігі туралы, украин ғалымдарының арасындағы үнемі және тығыз байланыс туралы айтты. Қазір Украинада 500-дей ғылыми-зерттеу институты бар, ондағы ғалымдардың саны бұрынғы патшалық Россиядағы ғалымдардың санынан он есе көп. Республикада жүздеген театр, клуб, кітапхана, басқа да мәдени-ағарту мекемелері бар, мыңнан аса газет шығады.

Ол дүниежүзілік ғылымға өте бағалы үлес қосқан көзірігі украин ғалымдарының табыстары туралы баяндады. Украин ғалымдары білімнің барлық саласында маңызды зерттеу жұмыстарын жүргізуде, бұл зерттеулердің нәтижелері озат совет ғылымының жалпы арнасына келіп жүйілуде.

алуды қамтамасыз ету болып табылады.

Г. ЧЕШКОВ,

Мамлют совхозы партия ұйымының секретары.

Прогрестік әдіспен

Петропавл МТС-нің қамтуындағы бірқатар колхоздар картоп пен ояуыш дақылдары егісіне ұйымшылдықпен кірісіп, оны мерзімінде жоғары агротехникалық дәрежеде өткізуде. Фурманов атындағы, Чапаев атындағы, Жамбыл атындағы колхоздар үстіміздегі жылы картоп пен ояуыш дақылдарының егін көлемін едәуір ұлғайта отырып, бұл жөніндегі белгіленген жоспарды МТС-те бірінші болып орындады.

Фурманов атындағы ауылшаруашылық артелинің огород бригадасының мүшелері 22 гектар алаңға картоп, 28 гектар ояуыш дақылдарын шаршы-ұялы әдіспен отырғызды. Сол сияқты Чапаев атындағы колхоздың огород бригадаларының мүшелері де 65 гектар жерге картоп отырғызуды жаңа прогрестік әдіспен жүргізді.

Картоп, ояуыш дақылдарының егісін Дмитров атындағы колхоз да толық аяқтайды. Мұнда 60 гектар картоп «СКГ-У» машинасымен шаршы-ұялы әдіспен отырғызылды.

Қазір МТС механизаторлары мен колхоздың огород бригадаларының мүшелері картоп пен ояуыш дақылдарын жазда күтіп, баптау жұмысына әзірлікті қызу жүргізуде.

Картоп шаршы-ұялап отырғызылды

Возвышен астық совхозының коллективі егін жұмыстарын агротехникалық қойлайы мерзімде өткізумен бірге, картоп пен ояуыш дақылдарын отырғызу ісіне де жете көңіл бөлді. Олар быйыл картоптың көлемін өткен жылдан екі есе ұлғайтуға міндеттенген болатын.

Коллектив мүшелері алған міндеттемелерін ағроймен орындап шықты. Совхозда барлығы 52 гектар картоп тек шаршы-ұялы әдіспен ғана отырғызылды. Сол сияқты, совхоз огородшылары ояуыштарды да осы әдіспен отырғызуға.

Қарағанды. Киров атындағы совхоздардың коллективтері де картоп отырғызу жоспарын 25 майда орындап шықты. Бұларда да картоп егуге шаршы-ұялы әдіс кеңінен қолданылды.

ЕГІС ЖОСПАРЫ ОРЫНДАЛДЫ

ҚАРАҒАҒА. (Телефон арқылы алынды). «Қолос» колхозының мүшелері мен осы колхозда жұмыс істейтін Суворов атындағы МТС-тің Зубенко, Перерва жолдасар басқаратын трактор бригадаларының механизаторлары егін даласында алғашқы күннен бастап аялмай еңбек етті. Қажырлы еңбек өзінің игі нәтижесін берді. Бұл колхоз Конохов ауданында бірінші болып егін жоспарын агротехникалық қойлайы мерзімде орындап шықты.

